

К.Т. Бөдеев, З.Г. Сактаганова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: bodeev-78@mail.ru)*

Кеңес дәуіріндегі діни ұйымдардың құқықтық жағдайы (XX ғ. 40-шы жылдары)

Мақалада Кеңес өкіметінің КСРО көлемінде Қазақстанда XX ғасырдың 40-шы жылдарының басы мен ортасында дінге байланысты қатысты қабылдаған заңнамалық-құқықтық актілер қарастырылды. Орыс православие шіркеуі, мұсылман, евангелие, христиан діндері, тағы басқа бойынша орталықта қабылданған заңнамалық-құқықтық актілердің діни ұйымдар қызметіне әсері, нұсқаулардың орындалуы, Одақ және қазақстандық мысал негізінде жазылды. Дінге байланысты саясаттың жұмсаруы жағдайындағы діни ұйымдардың дамуы зерттелді. Соғыс қарсаңындағы және соғыстан кейінгі дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарының жүргізілуі әдіс-тәсілдері туралы айтылды. Дін істері бойынша комитеттің құрылуы және оның алғашқы жылдарындағы қызметіне талдау жасалды.

Кілт сөздер: діни ұйымдар, дінмен күрес, саясат, Кеңес өкіметі, Ұлы Отан соғысы, үгіт-насихат жұмыстары.

Кеңес дәуіріндегі дінмен күрес авторитарлық тәртіптің орнығуымен басталды. Коммунистік идеология көсемдерінің айтуымен, XIX–XX ғғ. қиылысында қалыптасқан дінге қарсы пікір ресейлік, кеңестік тарихта В.И. Лениннің бастамасымен көтерілгенімен, ол қайтыс болған соң дінмен күрес уақытша саябырсыды. И.В. Сталин билікке келген тұстағы елдегі ішкі және сыртқы саяси тұрақсыздық (*ішкі тұрақсыздық басымырақ.* – Авт.), жаңа басшыға өзіне дейін басталған дінмен күресті тез арада қайта бастауға мүмкіндік бермеді. XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы зобалаң дінбасылар мен діни ұйымдарды қырғынға ұшыратты. Ал Екінші дүниежүзілік соғыс басталып, әлі де болса, одақтастар тарапынан көмек көрсетілмей отырған шақта, ішкі ресурстардың барлығын жауға қарсы жұмылдыруды көздеген Кеңес өкіметі дін, діни ұйымдар мен діндарларға жеңілдіктер жасай бастады.

Мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы діни ұйымдардың құқықтық жағдайы қарастырылды. Себебі Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі уақытта дінге жеңілдік алғаш рет осы тұста жасалған болатын.

Соғыс қарсаңында «Жауыққан құдайсыздар одағы» (*ЖҚО.* – Авт.) дінге қарсы белсенді жұмыстар жасап, дәрістер оқуды ұйымдастырды. Республикалық ЖҚО есебі бойынша, 1940 жылы қазан, қараша айларында 12 дәріс оқылды. Дәріс ғылым және дін, жер бетінде тіршіліктің пайда болуы, адамның пайда болуы, діннің пайда болуы және оның таптық мәні, ислам дінінің пайда болуы және оның таптық мәні, дін және екінші империалистік соғыс тақырыптарында оқылды [1; 2]. 1941 жылдың қаңтарына 5000-ға жуық дәріс оқылып, 6735 рет «Безбожник» газеті мен дінге қарсы еңбектер халық алдында оқылып, 242 сахналық қойылым көрсетіліп, 154 саяхат жасалып, 201 дінге қарсы бұрыш пен 51 көрме ұйымдастырылды [1; 5]. Халық арасындағы дінге қарсы күрес осы әдістермен тоқтап қалмады. Мешіттер мен шіркеулерді түрлі жолдармен жабуға мәжбүрлеп отырды.

Соғыс басталысымен дінге көзқарас өзгерді. Оның себебі, діни ұйымдардың барлық бағыттарының патриоттық көзқараста болуы еді. Яғни ортақ жауға қарсы күресте кеңестік билікті қолдауы орын алды. Дегенмен, 1943 жылдан Кеңес өкіметінің дін саясатының өзгергеніне қарамастан, заңнамалық-құқықтық баз өзгерген жоқ. 1936 жылы 5 желтоқсанда қабылданған КСРО Конституциясы мен 1929 жылы 8 сәуірде қабылданған РКФСР БОАК және ХКК қабылдаған «Діни ұйымдар туралы» Қаулы заң базасын құрады.

КСРО Конституциясының X-тарауында азаматтардың міндеттері мен негізгі құқықтары сипатталды. Конституцияның 124-ші бабында «Азаматтардың ұждан, бостандығын қамтамасыз ету үшін КСРО-да шіркеу мемлекеттен және мектептен де бөлінеді. Діни жораларды жасау және дінге қарсы шығу еркіндігі барлық азаматтармен мойындалады» делінген. Конституцияда осы баптың болуы жекелеген адамдардың соғысқа дейінгі кезеңде діншілдердің ғибадат ету жиындарын өткізіп, қудалауға ұшырамауына себеп болды. Соғыстың алғашқы жылдарында да осы бапты негізге ала отырып, ғибадатханаларды қайта ашуға мүмкін болды.

БОАК және ХКК қабылдаған «Діни ұйымдар туралы» Қаулы діни ұйымдардың барлық қызметін реттеді. Қаулы бойынша діни ұйымдарға мемлекеттік тіркеуден өтуі үшін жергілікті билік органына жасы 18-ден асқан 20 адам («жиырмалық») қол қойған өтініш жазулары тиіс болды. Өтінішке «жиырмалықтың» тізімі қоса берілді. Жергілікті актарушы органдардың ұйымдарды қандай жағдайда тіркеуге қабылдамауы керектігі, өтінішті қарау мерзімі айтылмады. Бірақ діни ұйымдарға ресми тіркеуден өтпейінше, құлшылық етуге, діни жораларды жүргізуге тыйым салынды. Дегенмен, кәмелет жасқа толғандарды тізімге енгізу мәселесін де, билік созбалыққа салып отырды. Мысалы, Балқаш қаласында евангелие христиандар және баптистердің ғибадатханаларын ашуға рұқсат бермеуінің себебі «тізімдегі кәмелет жасқа жаңа толғандар (В.Ф. Врубель, А.Ф. Врубель, Н.Ф. Врубель, тағы басқалар) бар. Егер осы уақытқа дейін діни ұйым тіркелмеген болса, оларды діндарлар қатарына қабылдау қалай жүргізілген?» немесе «тізімдегі адамдар арасында тегі бір адамдар көп. Бұл жай ғана адам санын көбейту емес пе?» т.б. [2; 222].

Дінге қатысты саясаттың өзгеруі жаңа мемлекеттік органдардың құрылуына әкелді. Олар КСРО Халық комиссарлары кеңесі (1946 жылдан — КСРО Министрлер кеңесі) жанындағы ОПШ (*Орыс православие шіркеуі*. – Авт.) істері бойынша кеңес және Діни культтер ісі бойынша кеңес еді.

1943 жылы 14 қыркүйекте мемлекет саясатын дінге қатысты жүргізу және заң шығару салаларын бақылау мақсатында, КСРО Халық комиссарлар кеңесі ОПШ істері бойынша кеңесті құру туралы қаулы қабылдады. Кеңестің төрағасы болып мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің подполковнигі Г.Г. Карпов тағайындалды. Жаңа орган орталық мемлекеттік мекемелер жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде құрылып, КСРО үкіметінің қарамағына берілді. Барлық орталық партиялық, кеңестік мекемелер мен ведомстволар Кеңес өкілеттігіне қатысты сұрақтар мен іс-шараларды алдын ала ОПШ істері бойынша кеңеспен келісіп, Кеңес сұратқан мәліметтер мен ақпараттарды беруге міндеттелді. Одақтық, автономиялық республикалар, өлкелік және облыстық, еңбекші депутаттар кеңесі жанынан ОПШ істері бойынша кеңестің өкілі қызметі тағайындалды. Шенеуніктерге ОПШ істері бойынша кеңестің жергілікті жерлерде саясатын жүзеге асыру жұмысы тапсырылды. Орыс православие шіркеуі осы уақытқа дейін және кейінгі уақытта да билік тарапынан ерекше санатқа жатқызылды. Негізгі себептерінің бірі КСРО халқының басым бөлігі осы дінді ұстануында еді.

1943 жылы қарашада КСРО ХКК-нің №1325 «Шіркеулерді ашу тәртібі туралы» Қаулы қабылданды [3]. Ол бойынша шіркеулерді ашу немесе тыйым салу туралы шешімнің қабылдануын жергілікті органдарға берді. Ғибадатхананы ашу туралы оң шешім қабылданған жағдайда жиналған құжаттар дін істері жөніндегі кеңеске тапсырылып, үкімнің қабылдануы ХКК отырысында талқыланды. Кеңес үкіметтің үкімін жергілікті билік органдарына жіберіп, діни ұйымды тіркеуден өткізудің негіздемесі болып табылатын. Құжаттарды дайындау, жөнелту жұмыстарымен дін істері жөніндегі облыстық немесе өлкелік комитеттер айналысты.

1944 жылы 1 желтоқсанда КСРО ХКК № 1643-486-с «Православие шіркеулері мен ғибадатханалары туралы» Қаулы қабылдап, 1944 жылы 5 ақпанда бекітілген ОПШ істері бойынша құжатқа өзгертулер енгізді. Бұл нормативтік құжатта шіркеулерді ашу тәртібі жазылды [4; 64]. Ашуға рұқсат алу туралы өтініш жергілікті (аудандық және қалалық) атқару билік органдарына жазылып, әрі қарай ОПШ ІБ өкілеттілерге тапсырылуы тиіс болды. Өтінішпен бірге шіркеу ғимаратының жай-күйі: құлшылық етуге мүмкіндіктің, керек-жарак заттардың болуы, қашан және қай органның шешімімен шіркеудің жабылғаны жайлы мәліметтер бар анықтама болуы шарт еді. Қала немесе аудандағы православиелік шіркеулердің саны, жұмыс істеп отырған шіркеу мен елді мекен арасындағы арақашықтық көрсетілуі тиіс еді. Егер қандай да бір себептермен билік өтініш қабылданбаған жағдайда, діндарлар ескертілді. Өтініш хат қанағаттандырылған жағдайда, құжаттар ОПШ ІБ аппаратына қорытынды шешім қабылдауға жіберілді. Өтініштерді алдын ала қарау, қабылдау, тіркеу, арнайы тексерулерді жүргізу жұмыстары т.б. өкілетті органдармен жүргізілді.

Діни ғимараттардың қолданылуын бақылау мемлекет тарапынан жүргізілді. «Православие шіркеулері және зиярат үйлері жайлы» Қаулыға сәйкес діни ғимараттарды бұзу ОПШ ІБК өкілетті өкілінің және Өлкелік атқару комитетінің шешімімен ерекше жағдайларда ғана жүргізілді. Жергілікті билік органдарына Кеңестің рұқсатынсыз культті ғимараттарды жабуға, өзге мақсатта пайдалануға тыйым салынды. Сол уақытта Кеңеске діндарлар өтінішімен талапқа сай ғимарат беру және шіркеу тұрғызуға мүмкіндік жасауды қамтамасыз ету құқығы берілді.

1945 жылы 22 тамызда КСРО ХКК № 2137-546 с. «Православиелік шіркеу мен монастырьға қатысты сұрақтар жайлы» Қаулы қабылдады. Оған 1944 жылы 1 желтоқсанда толықтырулар енгізілді. Халық комиссарлар кеңесі мен облыстық (өлкелік) Атқару комитеттеріне жоспарлау барысында

«мүмкіндігінше шіркеу және діни ғимараттардың жөндей жұмыстары кезінде құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету», шіркеулерге қалалар мен елді мекендерде қоңырау ұруға, діни ұйымдардың қоңырау сатып алуларына кедергі жасамау ұсынылды. Осы қаулымен шіркеулерге шектеулі заңды тұлғаның құқықтары беріліп, «республика, өлкелік және облыстық КСРО ХКК жанындағы ОПШ ІБК өкілетті өкілінің рұқсатымен көлік алуға, шіркеу бұйымдары мен діни культ заттарын жасауға, осы заттарды діни ұйымдарға сатуға, жалға беруге, шіркеу қажеттілігі үшін ғимараттар тұрғызуға немесе сатып алуға» рұқсат етілді [4; 65].

Осы қаулымен Украина, Белорус, Литва, Латвия, Эстония, Молдова КСР ХКК-не ерекше нұсқаулар берілгенге дейін православие шіркеуінің жұмысына кедергі жасамау, олардың тұрғын және қызмет үйлері, шіркеу ғимараттары, қолданыстағы жер телімдері, мал, құс, ауылшаруашылық құрал-саймандары, қосалқы шеберханаларын сақтап қалу жайлы ерекше тапсырма берілді.

ОПШ-не мемлекеттік қолдау көрсетуінің тағы бір мысалы діни қызметкерлерді Қызыл Әскер қатарына шақырудан босатылды. 1944 жылы 3 қарашада КСРО ХКК №213 әскерге шақырудан босату немесе кейінге шегеру қаулысы бойынша «православиелік шіркеудің иерей және дьякон дәрежесі бар діни қызметкерлерін (әскери міндеткерліктері бойынша жасы мен құрамына қарамастан), белгіленген тәртіпке орай тіркеуден өтіп, шіркеуде қызмет еткен жағдайда мобилизациядан босату» жайы айтылды. Діни қызметкерлерді Қызыл Әскер қатарына шақыртудан республикалық, өлкелік (облыстық) атқару комитеттері жанындағы ОПШ ІБК өкілеттілері беретін тіркеу жөніндегі анықтамасы негізінде босатылды [5; 15].

1944 жылы 19 мамырда ХКК ОПШ ІБК пен қатар тағы бір мемлекеттік орган Діни культтер ісі бойынша кеңес (ДКІБК. – Авт.) құру жөнінде қаулы қабылдады. ДКІБК қарамағына ОПШ-нен басқа діни ұйымдармен байланыс орнату жұмысы тапсырылды. Кеңес төрағасы болып К.А. Зайцев сайланды. Алайда К.А. Зайцев қызметін атқармастан, орнына XX ғасырдың 20-шы жылдарында ІХК қатарында қызмет етіп, діни ұйымдардың қызметімен тікелей айналысқан И.В. Полянский тағайындалды [6; 66].

Жаңа құрылған кеңестің ұйымдық құрылымы, құзырыттелік аумағы, құқықтары мен міндеттері ОПШ ІБ Кеңесіне ұқсас болды. Кеңестің орталық аппараты Төраға мен жауапты хатшыдан тұрды [7; 108]. Кеңестің орталық аппаратында төрт бөлім: мұсылман, иудей және буддизм діндері (бөлім бастығы Л.А.Приходько); Армян, католик және лютеран шіркеулері (бөлім бастығы И.Н. Карпов); ал старообряд (*ескідәстүрлі.* – Авт.) евангелие шіркеулері (бөлім бастығы Н.В. Кольцов) және нұсқаулық (бөлім бастығы Г.Ф.Фролов) құрылды. Соңғы, яғни нұсқаулық бөлім ақпараттық материалдар, нұсқау және өкім хаттар, статистикалық мәліметтерді дайындау және аппарат жұмысын жоспарлау жұмыстарымен айналысты. Осы қалпында ДКІБК 1955 жылға дейін қызмет жасады [8]. Орталық аппаратта қызмет көрсетуші қызметкерлермен қоса есептегенде 35-40 адам жұмыс істеді. Кеңес өз жұмысын 1944 жылдың шілдесінде бастады.

Бөлімдерді құрудағы негізгі мақсат «культтерді орталықтандыру» еді. Яғни діни әкімшілік орталықтар құрып, Кеңес біріктірілген бөлімдермен қарым-қатынас жасауы тиіс еді. Осы саясат негізінде 1944 жылы Мәскеуде Бүкілресейлік евангелие христиандары мен Орыс баптистер одағы Бүкілодақтық кеңес басқаратын Бүкілресейлік евангелие христиандары мен баптистер одағына (БЕХПО) біріктірілді. 1945 жылдың қаңтарынан одақтың орталық мерзімді баспасөзі «Братский вестник» журналы шығарыла бастады [4; 68].

Шіркеулердің біріктірілуі әрі қарай жалғасты. 1945 жылы 25 тамызда БЕХПО мен Евангелие (пятидесятниктер) шіркеуі арасында ұзақ уақыт келіссөздер жүргізіліп, олар бір конфессияға біріктірілді. Үш бағыттағы конфессияның бір ұйымға біріктірілуі мемлекеттің діни ұйымдармен қарым-қатынасты шешу жолдарын көрсетті. Мемлекет бірнеше діни ұйым орнына бір ұйыммен қатынас жасауды жеңіл деп тапты.

Кеңес одағында мұсылман қауымдастығы ерекше назарда болды. Себебі олардың діни бағыттарының, ислам дінін ұстанатын ұлттардың және ұстанатын діни мерекелердің әртүрлі болуы еді. 1944–1948 жж. діни культтер бойынша Кеңес басшылығымен мұсылмандардың жаңа орталықтандырылған құрылым басқармасы қалыптасып: орталығы Ташкентте орналасқан Орта Азия мұсылмандарының діни басқармасы, орталығы Баку қаласы болған Кавказ мұсылмандарының діни басқармасы және орталығы Махачкала қаласында орналасқан Солтүстік Кавказ мұсылмандарының діни басқармасы құрылды. 1948 жылы мұсылман діндарларының Уфа қаласында өткен IV Бүкілресейлік съезінде РКФСР мұсылмандарының орталықтандырылған діни басқармасы Сібір мен КСРО-ның еуропалық бөлігі Мұсылмандарының діни басқармасы болып қайта құрылды. Оның

орталық аппараты Уфа қаласында орналасты [9; 20-22]. Ұйымдардың ішінде мемлекеттегі мұсылмандардың ең көп бөлігі орналасқан Орта Азия діни басқармасы негізгі саналды. Орта Азия діни басқармасы жанынан ғана мұсылмандық білім беру мекемелері жұмыс істеді. Осылай КСРО аумағындағы мұсылман қауымдастығы орталықтандырылып, ұлттық-географиялық белгілері бойынша төрт бөлікке бөлінді [9; 21].

1940 жж. құрылған орталықтандырылған діни құрылымдар 1990-шы жылдарға дейін жұмыс істеді. 1944–1946 жж. евангелие христиандары мен баптистерді 200 мың мүшесі бар діни одаққа біріктірді. Ескі рәсімшілердің діни ұйымдары қызметін қайта бастап, Армян-григориан шіркеуі өз қызметін қайта бастады. Буддистер, иудейлер, лютерандар мен адвентистердің жетінші күні ұйымдарының құрылуына негіз қаланды. ОПШ қызметін мемлекеттік реттеу жұмыстары жүргізілгендей, өзге де конфессияларға байланысты нормативтік құжаттар пайда болды. 1944 жылы 19 қарашадағы КСРО ХКК-нің № 1603 Қаулысымен «Діни культтердің мінәжат ету ғимаратын ашу тәртібі жайлы» қабылданып, мінәжат ету ғимараттарын діни ұйымдарға қайтару, қажет болған жағдайда қайта тұрғызуға рұқсат етілді. Үкімет қаулысы діни қауымдастықтарға құқығы шектелген заңды тұлғаның мүмкіндіктерін беріп: көлік алуға, діни культ бұйымдары мен керек-жарақтарын өндіруге, оларды діни ұйымдарға сатуға, жалға беруге, өз қажеттіліктері үшін құрылыс салуға, Мемлекеттік банктен есепшот ашуға рұқсат етті. Дегенмен, бұл жұмыстарды Діни культтер жөніндегі кеңестің өкілетті өкілінің рұқсатымен ғана жүзеге асыра алды. Діни ұйымдарды ресми тіркеудің қиын әрі ұзақ рәсімдеулеріне қарамастан, діндарлар берілген мүмкіншілікті барынша пайдалануға тырысты.

Конфессияларды мемлекеттік қолдаудың өзге де шаралары қабылданды. КСРО үкіметі 1945 жылы ақпанда Діни культтер ісі бойынша кеңестің ұсынысымен Армян-григориан, Ескірәсімшілер, Католик, Грек-католиктің, Лютеран, Адвентист, Евангелие-христиан шіркеулері, мұсылман және иудей діни ұйымдарының қызметкерлерін Қызыл Әскер қатарына шақырудан босату жайлы шешім қабылдады [7; 113].

Соғыс жағдайында КСРО-да инфляцияның жоғары болуынан азық-түлік және алдымен қажетті тауарлар карточкалық жүйемен таратылды. 1946 жылы 3 желтоқсандағы Кеңес Одағының үкіметі дін қызметкерлерін қажетті тауармен қамтамасыз етуге бұйрық берілді. Дін қызметкерлері, қала махаллалары мен діни қауымдастықтардың қызмет көрсетушілері республиканың Министрлер кеңесі мен облыстық (өлкелік) атқару комитеті жанындағы кеңестің өкілетті өкілдерімен келісе отырып, қызметшілердің санына қарай қамтамасыз етілді [4; 70]. Үкімет діни ұйымдарға жеңілдік жасаған шешімдері, қаулылары мен бұйрықтары құпия қабылданып, мерзімді басылымдарда жарияланбады. ОПШ ІБК мен Діни культ ісі бойынша кеңестің өкілетті өкілдері, аталмыш қаулыларды дін өкілдеріне таныстырмақ тұрмақ, олармен еркін танысу құқығы да болмады. Өкілеттілер облыстық (өлкелік) атқару комитеттерінің құпия қаулыларымен ғана жұмыс істеді.

1940 жж. Кеңес Одағында діни ұйымдарға қатысты қабылданған нормативтік-құқықтық актілер, құпия болуына байланысты барлық адамдардың назарына ұсынылмай, қоғамның құжаттар мазмұнымен танысуына айтарлықтай кедергі келтірді. Сонымен қатар органдардың дінге қатысты өкілеттілердің жұмыс жасауын қиындатты. Соған қарамастан, билікке большевиктер келген кезеңдегі діни ұйымдарға қарсы күреспен саластырғанда, айтарлықтай жеңілдіктер жасалып, діни ұйымдарға қатысты биліктің заңдар базасы қалыптасты. Заң актілерінің негізгі бөлігі өзгеріссіз қалып, олар тек қана Үкіметтің қаулылары және бұйрықтарымен толықтырылып отырды. Заңдарды жасау және оларды қабылдау жұмыстарына тек ОПШ ІБК пен Діни культтер ісі бойынша кеңес тікелей қатынасты. Соғыс жағдайында қабылданған заңдық актілер діни ұйымдарға жеңілдіктер жасап, олардың шіркеу немесе ғибадатханалар ашуының жаңа тәртібін қалыптастырды. Сонымен қатар конфессиялардың орталықтандырылған ұйымдарын құрып, билік үшін қолайлы деп тапқан діни ұйымдармен қарым-қатынас орнатты.

XX ғасырдың 40-шы жылдарындағы діни саясат айтарлықтай өзгеріске ұшырап, жеңілдетілді. Дегенмен, орталықта қабылданған заңнамалық-құқықтық актілер бойынша жұмыс жасау барысында бұрын-соңды қудалаумен айналысып келген билік органдары жаңа қаулылардың қаншалықты дұрыс екендігін, қалыптасқан жағдайда қалай жұмыс істеу керектігін білмеді және қателіктерге жол берді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. — 708-қ. — 5/1-т. — 617-іс.
- 2 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. — 1711-қ. — 1-т. — 17-іс.
- 3 Қарағанды облысы Мемлекеттік архиві. — 1364-қ. — 1-т. — 1-іс.
- 4 Сердюк М.Б. Религиозные организации в Советском обществе в 1941-1954 гг. (на примере Дальнего Востока): дис. ... д-ра ист. наук: 07.00.02 – «Отечественная история» / М.Б. Сердюк. — Владивосток, 2012. — 309 с.
- 5 Одинцов М.И. Совет Министров СССР постановляет: «выселить навечно» / М.И. Одинцов. — М.: Арт-Бизнес-Центр, 2002. — 240 с.
- 6 Советов И.М. Совет по делам религиозных культов при СНК СССР в 1944-1945 гг.: обязанности и сфера компетенции, организационная структура и основные направления деятельности / И.М. Советов // Свобода совести в России: исторический и современный аспекты. — Вып. 2. — 2005. — 382 с.
- 7 Одинцов М.И. Власть и религия в годы войны / М.И. Одинцов. — М.: Российское объединение исследователей религии, 2005. — 540 с.
- 8 Дупленская Е.Н. Совет по делам религиозных культов при СМ СССР: история создания, основные направления деятельности / Е.Н. Дупленская // Свобода совести в России: исторический и современные аспекты. — 2004. — 606 с.
- 9 Силантьев Р. Новейшая история исламского сообщества России / Р. Силантьев. — М.: Ихтиос, 2005. — 623 с.

К.Т. Бөдеев, З.Г. Сактаганова

Правовое положение религиозных организаций в советский период (40-е годы XX в.)

В статье были изучены принятые нормативно-правовые акты в СССР и в Казахстане по отношению к религии в начале и середине 40-х годов XX века. На примере Союза и Казахстана показано влияние принятых в центре нормативно-правовых актов деятельности русской православной церкви, мусульманских, евангелия христианских и других религий. Изучена деятельность религиозных организаций в период послабления политики центра. В статье представлены методы и приемы антирелигиозной агитации в предвоенное и в послевоенное время. Описывается история создания комитета по делам религии, проанализирована деятельность в период его образования.

Ключевые слова: религиозные организации, борьба с религией, политика, Советская власть, Великая Отечественная война, агитационная и пропагандистская работа.

K.T. Bodeev, Z.G. Saktaganova

The legal status of religious organizations in the Soviet period (40 years of the XX century)

In the article, the normative legal acts adopted in the USSR and in Kazakhstan were studied in relation to religion in the early and mid 40 years of the twentieth century. The example of the Soviet union and Kazakhstan describes the impact of the activities of the Russian Orthodox Church, Muslims, and the gospel of Christian and other religions adopted at the center of normative legal acts. The activity of religious organizations was studied during the period of indulgence of the policy of the center. The article describes methods and methods of antireligious agitation in the pre-war and post-war period. The history of the creation of the Committee for Religious Affairs is described, the activity during the period of its formation is analyzed.

Keywords: religious organizations, struggle religion, politics, Soviet power, Great Patriotic War, agitation and propaganda work.

References

- 1 Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin Arhivi [Archive of President of the Republic of Kazakhstan]. F. 708, Vol. 5/1, D. 617 [in Kazakh].
- 2 Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin Arhivi [Archive of President of the Republic of Kazakhstan]. F. 1711, Vol. 1, D. 17 [in Kazakh].
- 3 Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin Arhivi [Archive of President of the Republic of Kazakhstan]. F. 1364, Vol. 1, D. 1 [in Kazakh].
- 4 Serdjuk, M.B. (2012). Relihioznye orhanizatsii v sovetskom obshhestve v 1941-1954 hh. (na primere Dalneho Vostoka) [Religious organizations in the Soviet society of 1941-1954 (on the example of the Far East)]. *Doctor's thesis*. Vladivostok [in Russian].

5 Odintsov, M.I. (2002). Sovet Ministrov SSSR postanovliaet: «vyselit navechno» [The Council of Ministers of the USSR decides: «To evict forever»]. Moscow: Art–Biznes–Tsentr [in Russian].

6 Sovetov, I.M. (2005). Sovet po delam religioznykh kultov pri SNK SSSR v 1944-1945 hh.: obiazannosti i sfera kompetentsii, orhanizatsionnaia struktura i osnovnye napravleniia deiatelnosti [Council for Religious Affairs under the Council of People's Commissars of the USSR in 1944-1945: duties and responsibilities, organizational structure and main lines of action]. *Svoboda sovesti v Rossii: istoricheskii i sovremennyi aspekty*, Вып. 2, 382 [in Russian].

7 Odincov, M.I. (2005). Vlast i religiiia v hody voiny [Power and religion during the war years]. Moscow: Rossiiskoe obedinenie issledovatelei religii [in Russian].

8 Duplenskaja, E.N. (2004). Sovet po delam religioznykh kultov pri SM SSSR [The Council for Religious Affairs under the Council of Ministers of the USSR]. *Svoboda sovesti v Rossii: istoricheskii i sovremennye aspekty*, 606 [in Russian].

9 Silant'ev, R. (2005). Noveishaia istoriia islamskoho soobshchestva Rossii [The recent history of the Islamic community of Russia]. Moscow: Ihtios [in Russian].

Репозиторий КАРГУ